

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Халықаралық спорт ойындарын өткізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 ақпандағы N 180 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 мамырдағы N 691 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.05.12 N 691 Қаулысымен .

Дене шынықтыру және спорт саласындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің интеграциясын кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің және Спорт ұйымдары халықаралық конфедерациясының 2003 жылғы 26-30 маусымда Астана қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Халықаралық спорт ойындарын (бұдан әрі - Халықаралық ойындар) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Халықаралық ойындарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Астана қаласының әкімдігімен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп, Нашақорлыққа қарсы күрестің халықаралық күніне орайластырылған Халықаралық ойындардың салтанатты ашылуының мәдени-спорттық мерекесін өткізсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Халықаралық ойындарға қатысушылардың тұратын және жарыстар өтетін жерлерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Халықаралық ойындарға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетімен бірлесіп, Халықаралық ойындарға қатысушыларға арналған мәдени бағдарламаны ұйымдастыруға жәрдем көрсетсін және оның дайындығы мен өту барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық ойындарға қатысушыларды тасымалдауға жәрдем көрсетсін.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі ұсынған тізім бойынша Халықаралық ойындарға қатысушылардың және ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

9. Халықаралық ойындарды дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2003 жылға арналған республикалық бюджетте бұл іс-шаралардың орындалуына жауапты тиісті мемлекеттік мекемелерге-бағдарламалардың әкімшілеріне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 0

а қ п а н д а ғ ы

№

1 8 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
Халықаралық спорт ойындарын дайындау мен өткізу жөніндегі
ұйымдастыру комитетінің
ҚҰРАМЫ**

Мұхаметжанов

- Қазақстан Республикасы

Бауыржан Әлімұлы

Премьер-Министрінің

орынбасары, төраға

Тұрлыханов

- Қазақстан Республикасы Туризм

Дәулет Болатұлы

және спорт жөніндегі агенттігінің

төрағасы, төрағаның орынбасары

Рогатин

- Спорт ұйымдары халықаралық

Борис Николаевич

конфедерациясының президенті,

төрағаның орынбасары (келісім

бойынша)

Әбенев

- Қазақстан Республикасы

Сұлтан Мұрашұлы

Премьер-Министрінің кеңесшісі

Айдарханов		- Қазақстан Республикасының
Арман Тергеуұлы	Денсаулық сақтау вице-министрі	
Әлімбекова		- Қазақстан Республикасының
Гүлнар Смәділқызы		Туризм және спорт жөніндегі агенттігі қаржы-экономика бөлімінің бастығы
Байболов		- Қазақстан Республикасының
Болат Әбілхақұлы		Әділет министрлігі
		Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетінің төрағасы
Бектұрғанов		- Қазақстан Республикасының
Нұралы Сұлтанұлы	Білім және ғылым вице-министрі	
Борщевский		- ТМД Атқару комитеті
Сергей Ефимович		Гуманитарлық ынтымақтастық департаментінің директоры
	(келісім бойынша)	
Ефименко		- Спорт ұйымдары халықаралық
Анатолий Нестерович		конфедерациясының бірінші вице-президенті (келісім бойынша)
Жұмағұлов		- Қазақстан Республикасы
Бақытжан Тұрсынұлы		Премьер-Министрінің Кеңесі
		Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі
Зәкіриянов		- Қазақ спорт және туризм
Қайрат Қайроллаұлы		академиясының президенті
	(келісім бойынша)	
Қанағатов		- Қазақстан Республикасының
Елсияр Баймұхаметұлы		Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары
Құралов		- Кәсіподақтардың "Қазақстан"
Өтепқали Нысанғалиұлы		дене шынықтыру-спорт қоғамы орталық кеңесінің төрағасы
	(келісім бойынша)	
Қуанышев		- Қазақстан Республикасының
Дулат Оразбекұлы	Сыртқы істер вице-министрі	
Козлов		- ТМД Атқару комитеті
Александр Сергеевич		Гуманитарлық ынтымақтастық

департаментінің кеңесшісі

(келісім бойынша)

Мұхаметжанов - Астана қаласы әкімінің

Төлеген Мұхаметжанұлы орынбасары

Пасько - ТМД Атқару комитеті

Игорь Петрович Гуманитарлық ынтымақтастық және экологиялық қауіпсіздік департаменті директорының

орынбасары (келісім бойынша)

Пшенко - ТМД-ға қатысушы

Константин Андреевич мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы Мәдениет, ақпарат, туризм және спорт жөніндегі тұрақты комитетінің жауапты

хатшысы (келісім бойынша)

Разложко - Спорт ұйымдары халықаралық

Василий Степанович конфедерациясы спорттық бағдарламаларының жетекшісі

(келісім бойынша)

Лавриненко - Қазақстан Республикасының

Юрий Иванович Көлік және коммуникациялар

бірінші вице-министрі

Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі

Иван Иванович істер вице-министрі

Рябченко - Қазақстан Республикасының

Олег Григорьевич Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші

вице-министрі

Өтеулина - Қазақстан Республикасы

Хафиза Мұхтарқызы Премьер-Министрінің кеңесшісі